

**«№5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-нің қамқоршылық кеңес
отырысының № 2 отырысының хаттамасы**

«12» сәуір 2020 жыл

Қатысуға тиіс: қамқоршылық кеңес мүшесі -9.

Қатысқандары: кеңес мүшесі -9.

Қосымша қатысқандар: мектеп әкімшілігі мүшелері

Күн тәртібінде:

№	ІС-ШАРАНЫҢ МАЗМҰНЫ	УАҚЫТЫ	СӨЙЛЕУШІЛЕР
1.	«№5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-нің қамқоршылық кеңес құрамын қазіргі таңдағы жағдайға сәйкес жаңарту мәселесі.	10 мин	Қамқоршылық кеңес төрағасы Жадилова Айман
2.	«Жетім және ата-аналарының қамқоршылығынсыз қалған балалардың құқықтарының сақталуы туралы» баяндама.	10 мин	Мектеп әлеуметтік педагогы Ашықбаева Жарқыра
3.	«Мектептің шотына түскен қайырымдылық көмекті бөлу және мақсатты жұмсау бойынша ұсыныстары»	10мин	Бас бухгалтер Жарылгасова А.Т
4.	№5 ЖББОМ-не қажетті оқу-тәрбие жұмысына қажетті материалдық-техникалық базаны қамту.	10мин	№5 ЖББОМ директоры Тулегенов А.А.

Т ы н д а л д ы:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Сағынғалиев Е. Қамқоршылық кеңестің алғы сөзін алып, отырысқа қатысып отырғандарға күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып, дауысқа салып бекітті.

1. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша сөз алған қамқоршылық кеңес төрағасы Жадилова А. «№5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ қамқоршылық кеңес құрамын қазіргі таңдағы жағдайға сәйкес жаңарту туралы сөз алды. Өз сөзінде Жадилова А. Былай деді: «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес:

7. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді.

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциалық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса) болуына назар аударды.

8. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны так, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдегі №355 бұйрығына сәйкес Ақтөбе қаласын «Білім бөлімі» ММ 2017 жылғы 22 бұйрығы негізінде №5 ЖББОМ қамқоршылық кеңесінің құрамы 15 адаммен бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдары қызметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді.

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру жiне оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары ережесінің 31-тармағында көрсетілгендей: «қамқоршылық кеңестің мүшесі:

- 1) өз бастамасы бойынша;
- 2) отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің **Сөйледі:** Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары Құрманалина С. қамқоршылық кеңес құзырындағы міндеттер оңай емес екенін, бәріміз көріп отырмыз, ендеше «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, біріге отырып мектебіміз бен балаларымыздың мүддесі үшін осы кеңестің жұмысын толыққанды жүргізуіміз керек деп ойлайтынын айтты. Сонымен қатар жоғарыда аталған кеңес құрамын

толық қолдайтынын айтты. Осы жұмысқа білек сыбана қызмет атқару үшін қамқоршылық кеңес жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстырып, алдағы уақытта үлкен жауапкершілік күтіп тұрғанын айтып өтті.

Қаулы етті:

1. Білім саласындағы жергілікті атқарушы органға – «№5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы жөнінде ұсыныс берілсін.

2. Тыңдалды: Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша «Жетім және ата-аналарының қарқоршылығынсыз қалған балалардың құқықтарының сақталуы туралы» мектеп әлеуметтік педагогы Ашықбаева Жарқыра сөз алды. Қазір «ГМЗ» мөлтек ауданы бойынша жетім және ата-ана қарқоршылығынсыз қалған 13 бала, мектебімізде 5 оқушы бар.

Қаулы етті:

1. Жетім және және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарының сақталу жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша бас бухгалтер Дүйсенова Жарылгасова Алия мектептің шотына түскен қайырымдылық көмекті бөлу және мақсатты жұмсау бойынша ұсыныстар туралы сөз алды. **ҚР** Конституциясының 28 бабының 2 тармағына «Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады. Бұл дегеніміз мемлеке пен қоғам біздің елде қайырымдылықтың қажеттілігін мойындайтығын және қолдайтындығын көрсетеді.

2015 жылғы 16 қарашадағы № 402 «Қайырымдылық туралы» ҚР Заңының 2 бабында көрсетілген:

2 БАП ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Қоғамда қайырымдылықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, қолдау және нығайту арқылы қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруын дамытуға жәрдемдесу қайырымдылықтың мақсаты болып табылады.

9-тарау. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

61-бап. Қаржыландыру жүйесі, принциптері мен көздері.

1. Білім беруді қаржыландыру жүйесі – республикалық және жергілікті бюджеттердің, **басқа да кіріс көздерінің жиынтығы.**

2. Білім беруді қаржыландыру жүйесі:

1) тиімділік пен нәтижелілік; 2) басымдық; 3) айқындылық;
4) жауаптылық; 5) бюджеттердің барлық деңгейлерінің ара жігін ажырату мен дербестік принциптеріне негізделеді.

3. Білім беру жүйесі қаржыландыру көздері:

1) мемлекеттік білім беру мекемелерін ұстауды бюджеттік қаржыландыру;
2) мемлекеттік білім беру тапсырысын бюджеттік қаржыландыру;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсетуден түскен кірістер;
4) қаржылық ұйымдардың кредиттері;
4-1) стипендиялық бағдарламаларды бюджеттік қаржыландыру;
5) қайырымдылық көмек, өтемсіз аударымдар мен қайырмалдықтар. гранттар, құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдары, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының эндаумент-қорларының инвестициялық кірістерінің қаражаты болып табылады.

4. **Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша мектеп директоры Тулегенов А.А. мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру және мектептегі қаржыландыру бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы сөз алып, кеңес мүшелерімен және мектеп әкімшілігімен бірге мектептің оқу-тәрбие жұмысына қажетті бұйымдар мен тауарлардың тізімін таныстырды.

Сөйледі: Бұл мәселе бойынша сөйлеушілер болмады.

Қаулы етті:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру және мектептің оқу-тәрбие жұмысына қажетті бұйымдар мен тауарларды қаржыландыру ойынша ұсыныстарды Ақтөбе қаласының әкімшілігіне ұсыну мектеп директорына тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Е.Сағынғалиев күн тәртібіндегі барлық мәселелердің қаралғандығын айтып, мәселелер бойынша шешімдер жобасын ұсынды. Шешімнің жобасына ұсыныстар мен қосымша пікірлер кеңес мүшелері тарапынан ұсынылған жоқ. Кеңес мүшелері шешімнің жобасын ашық дауысқа салып, бекітті.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Білім саласындағы жергілікті атқарушы органға - №5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ қамқоршылық кеңестің жаға құрамы жөніндегі ұсыныс берілсін.

2. Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарының сақталу жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға демеушілік шот есебінен көмек көрсетілсін.

4. Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру және мектептің оқу-тәрбие жұмысына қажетті бұйымдар мен тауарларды қаржыландыру ойынша ұсыныстарды Ақтөбе қаласының әкімшілігіне ұсыну мектеп директорына тапсырылсын.

Хатшы

Л.Айтенова